

**2024-2025 оқу жылы**  
**№ 7 Арнайы мектеп-интернаты**  
**түзету пәні бірлестігінің атқарылған жұмыстарының**  
**жылдық есебі**

Оқу ағарту министрінің 2024 жылғы 06 қарашадағы №327 бұйрығын 57 қосымша Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы "03" сәуірдегі № 115 бұйрықты басшылыққа ала отырып ,оқу жылының басында түзету пәні бірлестігінің 2024-2025 оқу жылына арналған жұмыс жоспары 2024 жылдың 30 тамызында бекітіледі

**Өзекті мәселе:**

Білім алушылардың сөйлеу тілінің дамуындағы бұзылыстарды (дыбыс айту, сөздік қоры, байланыстырып сөйлеу) дер кезінде анықтау және түзету, сондай-ақ сөйлеу арқылы қарым-қатынас жасау дағдыларының жеткіліксіз дамуы.

**Мақсаты:**

Оқушылардың сөйлеу тілін жан-жақты дамыту, тіл кемшіліктерін түзету, дұрыс әрі анық сөйлеу дағдыларын қалыптастыру және олардың оқу процесіне толыққанды қатысуына жағдай жасау.

**Міндеттері:**

- Сөйлеу тіліндегі бұзылыстарды ерте анықтау және диагностикалау;
- Дыбыстарды дұрыс айтуға қалыптастыру және түзету жұмыстарын жүргізу;
- Сөздік қорын байыту, грамматикалық құрылымын дамыту;
- Байланыстырып сөйлеу (ауызша сөйлеу) дағдыларын қалыптастыру;
- Оқушылардың коммуникативтік қабілеттерін дамыту;
- Жеке және топтық логопедиялық сабақтарды ұйымдастыру;
- Ата-аналар мен педагогтерге әдістемелік кеңес беру;
- Сөйлеу тіліндегі ауытқушылықтардың алдын алу жұмыстарын жүргізу.

Логопедтің негізгі бағыттары бойынша атқарылатын жұмыстар: Мектеп-интернатқа оқушылардың қабылданған күнінен бастап оқушыларды диагностикалау бағыттары бойынша жұмыстар жасалды, осы орайда мектеп-интернаттағы оқып жатқан барлық сыныптардағы жаңадан қабылданған оқушыларға сөйлеу тілін бастапқы және кезеңдік тексеру, сөйлеу бұзылыстарының түрін (дыбыс айту, фонематикалық есту, сөздік қор, грамматикалық құрылым) анықтау, логопедиялық қорытынды жасау, жеке даму карталарын толтыру, сөйлеу тілінің даму динамикасын бақылау.

Түзету пәні бірлестігінде 4 мұғалім жұмыс жасайды. Оның ішінде:

**Педагог –Зерттеуші** мамандардың жалпы саны – 1 (А. Даубаева);  
Педагог- Сарапшы мамандардың жалпы саны – 2 (А. Дилдабаева),  
(Есім И.)

Педагог – Модератор мамандардың жалпы саны – 3 (Г. Сейтман), (Дәуітова А), (С. Қырданова);

Бірлестікте арнайы мамандандырылған 3 логопед және 3 дефектолог өз лауазымдық міндеттерін орындап келеді.

2024 жылдың 1-15 қыркүйек аралығында **132 оқушыға** зерттеу жұмыстары жүргізілді. Нәтижесінде, сөйлеу тіл кемістігі бар **77 оқушы** белгіленіп, тіл мүкістігін орын алу негізгі себептері анықталды.

Диагностдар	ЖТК I	ЖТК II	ЖТК III	Барлығы
Бала саны	47	26	6	77

2024-2025 оқу жылы мектепке жаңадан қабылданған 18 оқушылардың ішінен логопедиялық есепке 11 бала алынды: 1 «А» сыныпқа – 3 оқушы, 1 «Б» сыныпқа – 2 оқушы, 2 «А» сыныпқа – 2 оқушы, 3 «А» сыныпқа – 2 оқушы, 5 «А» - 1, оқушы 7 «Б» - 1 оқушы.

Оның ішінде :

Диагностдар	ЖСТД I	ЖСТД II	ЖСТД III	Барлығы
Бала саны	7	2	2	11

### **Түзету пәні бірлестігінің жоспарының орындалуы, өзара сабақтарға қатысуы**

Түзету пәні бірлестігінің 2024-2025 оқу жылына арналған жұмыс жоспары 2024 жылдың 30 тамызында бекітілген.

Жұмыс жоспарындағы іс-шараларды іске асырудың мәселелері «Логопедия пәні бірлестігінің 2024-2025 оқу жылына арналған отырыстар жоспарына» (жоспар мектеп-интернат басшылығымен 2024 жылдың 15 қыркүйегінде бекітілді) сәйкес әр тоқсан сайын өткізілетін бірлестіктің отырыстарында қаралып, отырыстар хаттамалар ресімделді.

2024 жылдың тамыз айында Қызылорда облыстық оқу орталығында (әдістемелік кабинет) өткен тамыз кеңес аясындағы облыстық секция отырысында «Сөйлеу тілінді бұзылыстары бар балаларды оқытудың ынталандырылуының тиімділігін арттыру ретінде интерактивті әдістерді қолдану» тақырыбында логопед А. Даубаева тәжірибемен бөлісті.

Осымен қатар 2024 жылдың қазан айында Қызылорда облыстық оқу орталығында (әдістемелік кабинет) өткен «Логопедтің кәсіби шеберлігін арттыру: Тәжірибе және теория» атты облыстық әдістемелік

вебинарда «Жазу бұзылыстарын түзетудің заманауи технологиялары» тақырыбында логопед А. Даубаева түсіндірме жұмыстарын жүргізіп, тәжірибемен бөлісті.

Мектепшілік жұмыстар аясында ұйымдастырылған педагогикалық оқу іс-шарасында мектеп педагогтары үшін жаңа технологияларды оның ішінде интерактивті әдістерді қолдану, тікелей жұмыста пайдалану жолдары көрсетілді.

Біліктілік санатын растаудың мерзімі келген бірлестіктің 4 маманы түгел сынақтан сәтті өтіп, өзінің санатынан жоғары санатқа ие болды. А. Дилдабаева, И. Есім модератордан сарапшыға, А. Дәуітова С. Қырдановаларға модератор санаты тағайындалды. Мектепшілік іс-шараларға бірлестік мүшелері толық құрамда белсенді қатысып келуде.

### **Кеңес беру бағытты**

Оқушылардың сөйлеу тілін түзету жөнінде мұғалімдер мен тәрбиешілерге кеңес, күнделікті тапсырма беру жұмыстары үздіксіз атқарылып, тапсырмалар тәрбиешілердегі логопедпен байланыс дәптеріне түсіріліп отырылса, сол тапсырмалардың орындалуы бірлестіктің әр мүшесі тарапынан үнемі қадағалануда.

Сынып жиналысына қатысып, ата-аналарға кеңестер беру, сөйлеу тілі ақаулықтарын жою жөнінде баяндамалар оқу, ата-аналарды жеке және фронтальды сабақтарға қатыстыру жұмыстары үнемі жүргізіліп, логопедиялық оқуды үзбеу үшін каникул кезінде ата-аналарға жазбаша түрде кеңестер берілуде.

Есептік кезеңде бірлестік мүшелерінің білімін өздігінен жетілдіру, біліктілігін өздігінен арттыру жұмыстары аясында кәсіби маңызы бар «Дефектология», «Тілашар-логопед», «Логопедия» республикалық газеттер мен журналдарға жазылу арқылы саладағы соңғы жаңалықтармен танысу, кәсіби мақалаларды талдау жұмыстары үнемі жүргізілуде (*аталған басылымдар логопедия кабинетінде көрнекі жерде орналастырылған*).

Мүшелер арасында тәжірибе алмасу жұмыстары шеңберінде өзара сабаққа қатысу іс-шарасы үнемі атқарылып, өзара қатысу дәптері арқылы ресімделді. Өзара сабаққа қатысу іс-шарасын өткізу барысында ескертпелер орын алған жоқ. Мүмкіндігі шектеулі балалардың тіл кемістіктерін түзету жұмыстарын жетілдіру мәселесі мүшелер арасында үнемі бақылауда. Осы мәселе төңірегінде болған талқылау нәтижесімен түскен ұсыныстар кезең-кезеңмен іске асырылуда.

2024 – 2025 оқу жылының тамыз айынан бастап қыркүйек айына дейін бірлестік кабинеттерін жабдықтау мен оларды әдістемелік құралдармен қамтамасыз ету жұмыстары жүргізілді.

24.10.2023 жылы Арнайы мамандардың ұйымдастырумен “Үй жағдайында орындалатын жаттығулар” тақырыбында ата-аналарға кеңес беру мақсатында ашық есік күні өткізілді.

Мақсаты: Үй жағдайында орындалатын қарапайым тапсырмаларды жасау арқылы оқушының ұсақ қол моторикасының белсенділігін дидактикалық ойындар арқылы дамыта отырып, қызығушылықтарын ояту, көріп қабылдауын, есте сақтауын, ойлауын дамыту, шапшаңдыққа тәрбиелеу.

Ата-анаға кеңес беру бағытында төмендегі жұмыстарды орындау ұсынылды. Мысалы: түймелерді қадау, бауларды байлау, 🌱 дәндермен жұмыс, моншақты тізу, киімдерді жинау т.б.

Ата - аналар мамандармен өз ойларын бөлісіп, жақсы кеңестер алып, бірлескен жұмыстар нәтижелі болатынына сенім білдірді. жаттығулар арқылы дамыту» түрлерін көрсетіп, өз үлесін қосты.

<https://www.facebook.com/share/p/14QiRvQE7XQ/?mibextid=wwXlfr>



2025 жылдың 28қаңтар күні Арнайы мектеп-интернат базасында "Ерекше білімді қажет ететін балаларды оқыту мен тәрбиелеу мәселелері" тақырыбында мектепшілік семинар өткізілді.



№7 мектеп интернатында **21.04.2025 - 25.04.2025 ж.** аралығында Түзету пән бірлестігінің "Театр-тіл дамыту құралы" тақырыбында апталықтың ашылуы болып, өтті. Осы іс-шараның мақсаты, мыналарды көздейді:

1) мектеп-интернаттың мұғалімдері арасында тәжірибе алмасу, сол сияқты тәрбиешілермен байланыс орнату;

2) бірлестік мүшелерінің балаларды оқытудағы жетістіктерін көрсету.

Апталықты өткізу үшін әзірленген арнайы жоспар пән бірлестігінде талқыланып бекітілді. Ашық сабақтар, сайыстар жоспар бойынша жүргізілді.

Апталықтың мақсаты:

1) мектеп-интернаттың мұғалімдері арасында тәжірибе алмасу, сол сияқты тәрбиешілермен байланыс орнату;

2) бірлестік мүшелерінің балаларды оқытудағы жетістіктерін көрсету.

### Апталық барысында:

Түзету пән мұғалімдері **21.04.2025 - 25.04.2025 ж.** аралығында үлгілі ашық сабақтар ұйымдастырды.

Сәуірдің 21-і күні Түзету пәндер бірлестігінің "Театр-тіл дамыту құралы" тақырыбында апталығының ашылуы болып өтті.

Апталықтың ашылуы барысында "Бауырсақ" ертегісінің желісі бойынша, әр түрлі әдістемелер мен ойындар ұйымдастырылды.

Мақсаты: Балаларға ертегілер әлеміне еніп, жақсы көңіл-күй сыйлау. Қызықты тапсырмалар орындата отырып, ертегілер арқылы тілін, ойлау, есте сақтау қабілеттерін дамыту.

Оқушылар әрбір тапсырмалар мен ойындарға белсенділік танытып, қызығушылықпен қатысты. Соңында апталықтың бағдарламасы таныстырылды.

22.04.2025 күні Мектеп интернат логопеді Даубаева Айнұр 3 "А" сынып оқушысымен "Л" дыбысы тақырыбында ашық сабақ өткізілді. Сабақтың тақырыбы: "Л" дыбысының дұрыс артикуляциясын қалыптастыру. "Сиқырлы әлемге саяхат" ертегісі бойынша "Л" дыбысын буында, сөздерде машықтандыру. Оқушының дұрыс, анық сөйлеуін, сөздік қорларын дамыту. Фонематикалық естуін, ойлауын, есте сақтауын, ұсақ қол моторикасымен байланыстырып сөйлеуін дамыту. Сабақ барысында "Сиқырлы әлемге саяхат" ертегісі арқылы оқушыға қызықты тапсырмалар, , wordwall платформасы арқылы түрлі ойындар беріліп, "Л" дыбысын буында, сөздерде айтып машықтанды. Жаңа технологиялық әдістерді қолданып, оқушының қызығушылығын арттыра білді.



23.04.2025 күні Мектеп интернат арнайы педагогы Есім Инабат 2 "А" сынып оқушысымен "Пішіндер" тақырыбында ашық сабақ өткізді. Сабақтың

мақсаты: Пішіндер туралы білімін қалыптастыру, оларды бір-біріне ажырата білуге дағдыландыру, пішіндерді түстері бойынша ажыратуға, ұлттық құндылық нақыштағы заттарды пішіндерге бөлуге үйрету, шығармашылық жұмыстануға бейімдеу. Танымдық процестерім дамыту.

Сабақты “Сүзгі” театры бойынша кейіпкерлер енгізу арқылы өтті. Сабақта “Лупа” әдісі арқылы заттардың пішіндерін анықтап, Learning apps платформасы арқылы ұлттық нақыштағы заттарды пішіндерге топтастырды. Түрлі тапсырмаларды орындап, оқушыға пішіндер туралы түсінігін қалыптастырды.



25.04.2025 күні мектеп интернат логопеді Сейтман Гүлназ 6“в” сынып оқушысымен “Мамандықтар” тақырыбында ашық сабақ өткізілді.

✓Сабақтың мақсаты: Ш дыбысын дұрыс айтуға машықтандыру.

Мамандықтар туралы түсінік беру. Оқушының сөйлеу, есте сақтау және шығармашылық қабілеттерін дамыту.

Сабақты “Алжапқыш” театры бойынша мамандық түрлерін енгізу арқылы өтті. Сабақта мүсінші, сатушы, тігінші, мамандық иелері арқылы оқушыға қызықты тапсырмалар, Learning apps платформасы арқылы түрлі ойындар беріліп, “Ш” дыбысын буында, сөздерде айтып машықтанды.

Жаңа технологиялық әдістерді қолданып, оқушының қызығушылығын арттыра білді.



21.04.25 күні мектеп - интернатының түзету пән мұғалімі Қырданова Салтанат 7 “А” сынып оқушыларымен “Көліктер әлемі” тақырыбында ашық сабақ өткізді.

Сабақтың тақырыбы: “Көліктер әлеміне саяхат” ертегісі бойынша көлік түрлерін атау, ажырату, үйрету, оқушыларға заттардың атын атау, түрлерін ажырату, есте сақтау қабілетін дамыту.

Ойлауын, ұсақ қол моторикасымен байланыстырып, сөйлеуін дамыту “Көліктер әлеміне саяхат” ертегісі арқылы оқушыларға қызықты тапсырмалар, ойындар ойнатылды. Жаңа әдістерді қолданып, оқушылардың қызығушылығын арттыра білді. Оқушылар сабаққа белсене қатысты.



Сәуірдің 25-і күні Түзету пәндер бірлестігінің "Театр-тіл дамыту құралы" тақырыбында апталықтың жабылуы болып өтті.

Апталықтың жабылуында “Шексіз әлем” атты көлеңкелі театры қойылды. Көлеңкелі театр барша көрермендердің көңілінен шығып, жүрекке жете білгендігі айтылды.



Апталықтың жабылуы “Ойна да, ойлан” атты мұғалімдер арасында сайыспен жалғасты. Сайыстың негізгі мақсаты өзара жағымды қарым-қатынас орнатып, ұйымшылдық пен бірлесе отырып түрлі топтық тапсырмаларды орындау болды.

Мұғалімдер 3 топқа “Киіз үй” әдісімен бөлініп, танымдық, шапшаңдық, ептілік қабілеттерімен бақ сынады.

“Береке” тобы барлық кезеңдерден сәтті өтіп, өздерінің білім деңгейі мен ұйымшылдықтарын дәлелдей отырып, бірінші орын иегері атанды.



2025 жылдың 2-16 сәуір аралығында педагогтердің озық іс-тәжірибелерін обдс көлемінде тарату, білім беру жүйесіндегі педагогтардың кәсіби шеберлігін арттыру, инновациялық әдістемелерді еңгізу, педагогикалық тәжірибе алмасу мақсатында «Әдістемелік алаңы» ұйымдастырылды. Аталған алаң аясындағы 2025 жылдың, 14 сәуір күні ZOOM бейнебайланыс режимінде өткен отырысында «педагог-зерттеуші» санаты үшін логопед мұғалімі Айнұр Даубаеваның «Ерекше білім беруді қажет ететін оқушылардың сөйлеу тілін дамыту үшін түзету сабақтарында мультипликацияны қолдану» тақырыбындағы авторлық бағдарламасы Қызылорда облыстық оқу орталығы (Әдістемелік кабинет) жанындағы сараптамалық кеңес мүшелерімен мақұлданып, №1 хаттамаға сәйкес осы кеңес мүшелерінің ұсынуымен бағдарламаны облыс көлемінде тарату жөнінде қаулы өтілді. Қазіргі уақытта, жоғарыда аталған бағдарлама облыстың логопедия саласы педагогтарымен қолдануға қол жетімді.

2025 жылы «Балалардың жалпы сөйлеу тілінің даму ерекшеліктері» тақырыбы бойынша Есім И., Дилдабаева А әдістемелік құрал жазып шығарды

Дәуітова Айгүл 2025 жалы ақпан айында мектепшілік «Үздік педагог 2025» сайысына қатысып, «Үздік педагог 2025» номинациясының жеңімпазы атанып облысқа жолдама алды. Арнайы білім беру ұйымдарының арасында өткізілген «Арнайы білім беру ұйымының үздік педагогы» облыстық байқауға қатысып, сертификат берілді.



Есептік кезеңде бірлестік мүшелерінің білімін өздігінен жетілдіру, біліктілігін өздігінен арттыру жұмыстары аясында кәсіби маңызы бар «Дефектология», «Тілашар-логопед», «Логопедия» республикалық газеттер мен журналдарға жазылу арқылы саладағы соңғы жаңалықтармен танысу, кәсіби мақалаларды талдау жұмыстары үнемі жүргізілуде (*аталған басылымдар логопедия кабинетінде көрнекі жерде орналастырылған*).

Мүшелер арасында тәжірибе алмасу жұмыстары шеңберінде өзара сабаққа қатысу іс-шарасы үнемі атқарылып, өзара қатысу дәптері арқылы ресімделді. Өзара сабаққа қатысу іс-шарасын өткізу барысында ескертпелер орын алған жоқ. Мүмкіндігі шектеулі балалардың тіл кемістіктерін түзету жұмыстарын жетілдіру мәселесі мүшелер арасында үнемі бақылауда. Осы мәселе төңірегінде болған талқылау нәтижесімен түскен ұсыныстар кезең-кезеңмен іске асырылуда.

2023 – 2024 оқу жылының тамыз айынан бастап қыркүйек айына дейін бірлестік кабинеттерін жабдықтау мен оларды әдістемелік құралдармен камтамасыз ету жұмыстары жүргізілді.

### **Оқушыларымен жүргізілген жұмыстар**

Бірінші жарты жылдың қорытындысы бойынша көрсетілген нәтиже:

**I деңгейі** (Алалия) диагнозы бар 47 оқушылары бойынша: Оқушылар артикуляциялық, демдік, дыбыстық жаттығуларды жасауды үйренуде. Балалардың білім деңгейін арттыру үшін олармен үнемі жұмыс жүргізу керек. Ұсақ моторикаға арналған жаттығуларды жасауды үйренуде. Берілген тапсырманы мұғалімнің көмегімен орындайды. Әр сабақта оқушыларға логомассаж жасалынады.

1 сынып оқушылары бойынша: Осы оқу жылында ЖТК I деңгей коммуникативтік бұзылыстары бар оқушылар қосылды, бізге келген кезде өмірлік және әлеуметтік дағдылары қалыптаспаған. Сабақтан бұрын қарым қатынасқа, көзге тік қарауды, бір орында отыруға қалыптасты. Кәзіргі таңда оқушының байланыс қатысым түзелді, көзіне қарауды, сөздерді еліктеу

арқылы кайталауды бастады, пазылдарды жинауды, бірлескен жұмыс түрлерін жасау (тапсырмаларды бірлесе орындау), көрсетілген суреттердің атын атау, үлгіге қарап түсті таңдауды, геометриялық пішіндерді (шар, текше) ажыратуды үйренді.

**ЖТК I деңгей** Дауна диагнозы бар оқушылар бойынша: Сабақ барысында оқушылармен жеке жұмыс жоспары бойынша сөйлеу тіл кемшілігін жою кезең - кезеңдерімен жүргізілді. Оқушылар артикуляциялық, демдік, дыбыстық жаттығуларды жасауды үйренуде. Балалардың білім деңгейін арттыру үшін олармен үнемі жұмыс жүргізу керек. Ұсақ моторикаға арналған жаттығуларды жасауды үйренуде. Берілген тапсырманы мұғалімнің көмегімен орындайды. Оқушыларымен «Дене мүшелері», «Ойыншықтар», «Отбасы», «Үй жануарлары» тақырыбында жұмыстар жүргізілді.

**II деңгейі** диагнозы бар 26 оқушылары бойынша: Сюжетті картиналарда қойылатын қарапайым сұрақтарға жауап беруді үйрету («Бұл кім?», «ол не?», «не істеп жатыр?»), «Кімнің?», «Кімдікі?» деген зат есімнің сұрақтарына жауап ретінде «менің», «менікі» есімдіктерін қолдануды, атаған іс-әрекетке заттық атау беруді үйрету («кім жүр?», «не жүр?») үйренді.

**III деңгейі** диагнозы бар 6 оқушылары бойынша: Барлық логопедтармен сөздегі бірінші дауыссыз дыбысты бөлу, жабық және ашық буындарды, сөздерді талдау, сөз қорын молайту бағытында заттың басты белгілері арқылы – «түсі, дәмі, көлемі», оны атауды, формасын, материалын анықтайтын сын есімдерді орналастыру, сын есімдерге қарама-қарсы мағыналы сөздерді, заттың сынын білдіретін сөздерді табу үйретілді.

Оқушыларға ысқырық және ызың дыбыстар қойылды. Осы дыбыстар ашық және жабық буындардың ішінде дұрыс айтылуын машықтандырылды.

## **2024–2025 оқу жылы бойынша тіл дамуы кемшіліктерін түзету жұмыстарының мониторингі**

1. Дыбыс қою және машықтандыру нәтижелері  
Оқу жылы барысында оқушылардың дыбыстық кемшіліктерін түзету мақсатында жүйелі логопедиялық жұмыстар жүргізіліп, келесі нәтижелерге қол жеткізілді:

- 1 «А» сынып:  
Ізатілла Аль-Ғафур, Қуанышбай Айша – «Л» дыбысы қойылып, буын, сөз ішінде дұрыс айтуға машықтандырылды.
- 3 «А» сынып:  
Нұрыслам Айзере – «Л» дыбысы қойылып, сөйлеуде қолдану дағдысы қалыптасты.  
Те Олег, Нұрмахан Инабат, Ковалчук Иван – «С», «Ш» дыбыстары қойылып, буын, сөз, сөйлемде бекітілді.
- 4 «А» сынып:  
Абзалқызы Назерке, Тасыбаева Даяна – «Ш» дыбысы қойылып, фонетико-фонематикалық есту қабілетін дамыту жұмыстары жүргізілді.

- 5 «А» сынып:  
Оразгали Ибрагим, Жандулла Қанағат – «Р» дыбысы қойылып, сөйлеу барысында автоматтандырылды.

Қорытынды:

Дыбыс қою және автоматтандыру жұмыстары нәтижелі жүргізіліп, оқушылардың сөйлеу тілінің анықтығы мен фонематикалық қабылдауы жақсарды.

## 2. Деңгейлік ілгерілеу нәтижелері

Түзету-дамыту бағдарламасы аясында оқушылардың даму деңгейінде оң өзгерістер байқалды:

I деңгейден II деңгейге:

- Тұрғанбай Әліхан (1 «А»)
- Сұлтан Муслима (1 «А»)
- Абзалқызы Нәзерке (5 «А»)

II деңгейден III деңгейге:

- Қалаш Құралай (5 «А»)
- Асқарова Лиза (6 «А»)
- Әлиакбар Әзиза (7 «Б»)

Қорытынды:

Оқушылардың сөйлеу тілінің даму көрсеткіштері жоғарылап, деңгейлік динамика оң нәтиже көрсетті.

## 3. Логопедиялық топтан шығарылған оқушылар

- Изатілла Аль-Ғафур (1 «А», ЖТК-III деңгей)

Қорытынды:

Оқушы түзету бағдарламасын толық меңгеріп, сөйлеу тіліндегі кемшіліктері жойылғандықтан логопедиялық топтан шығарылды.

Жалпы қорытынды


2024–2025 оқу жылы бойынша жүргізілген түзету жұмыстары нәтижесінде:

- Дыбыстарды дұрыс айту және сөйлеуде қолдану дағдылары қалыптасты;
- Фонематикалық есту және қабылдау қабілеті дамыды;
- Деңгейлік өсу көрсеткіштері тұрақты;
- Жекелеген оқушылар толық нәтижеге жетіп, логопедиялық топтан шығарылды.

Жалпы алғанда, түзету-дамыту жұмыстары жүйелі және тиімді жүргізілген.

**Түзету пән бірлестігінің сөйлеу тілінің жалпы дамымауы (СТЖД)  
бар 78 оқушымен 2024-2025 оқу жылы түзету жұмыстарын жүргізу  
көрсеткіштеріне мониторинг нәтижелері**

**Сөйлеу тілінің жалпы дамымауы деңгейлері бойынша  
оқушылардың динамикасы**



Деңгей/Кезендер	Қыркүйек	Желтоқсан	Мамыр
СТЖД I д	50 оқушы - 64 %	45 оқушы - 58 %	40 оқушы - 52 %
СТЖД II д	24 оқушы - 31 %	25 оқушы - 32 %	26 оқушы - 33 %
СТЖД III д	4 оқушы - 5 %	8 оқушы - 10 %	12 оқушы - 15 %

**СТЖД I деңгейден 11 оқушы СТЖД II деңгейге ауысты  
СТЖД II деңгейден 10 оқушы СТЖД III деңгейге ауысты  
Түзету жұмыстары өз нәтижесін берген 2 оқушы логопедия тобынан  
шығарылды**

Есепті жасаған: Мұғалім – логопед А. Даубаева